

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Ағылшын тілін оқытудың озық әдістері

ЖАРИЯЛАНДЫ
25.01.2020СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/65855/

Адам табиғаты эволюциялық дамуға бейім жаратылыс. Ми жасушалары жаңа ақпаратпен түрленіп, дамып отырмаса дегенерацияға ұшырайтыны сияқты, тежелісі тоқырауға әкеп соғатын қоғамның маңызды тетікері бар. Әсіресе, білім беру саласы да жаңа бетбұрыстарға дайын болу керек. Жаһандық жаңалықтарға бейімделе алмаған білім беру жүйесінің болашағы да бұлыңғыр. Бәсекеге қабілетті маман дайындаудың бірінші баспалдағы — мектеп табаллырығынан басталады. Үш тұғырлы білім беру стратегиясын ұстанатын біздің еліміздегі өзекті мәселелердің бірі- шәкірттерге бастауыш сыныптан шет тілін меңгерту. Жерге себілген дақыл да бірден көктемейтініндей, бала санасына егілген білім дәнегі де бірден өнім бермейді. 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап елімізде ағылшын тілін бірінші сыныптан бастап оқыту қолға алынған еді. Ал, 2015 жылы «Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы» жасалды. Аталмыш бағдарламалар білім беру жүйесіне елеулі һәм оң өзгерістер алып келді. Алайда, мемлекеттің бағыт сілтеуі мен жаңа бағдарламаларынан бөлек, әр маманның оқытуда өзіндік тәсілдері болу керек.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.